

МҰНАЙШЫЛАР АТЫНАН ЖАҢА БАСПАНА

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Тағдырдың өзі Шығыс Қазақстан облысына мол байлық сыйлаған. Бұл аймақ минералды-шикізат ресурстарына – пайдалы қазбаларға өте бай болуымен қатар, әсем табиғи ортасымен де ерекше: көгілдір тау мен жасыл алқап, ормандар араласа орналасқан, мыңдаған өзендер осы аумақты басып өтеді. Бірнеше өзен құятын Ертіс өзені мен атақты Бұқтырма су қоймасы да осында.

Биылғы көктемде облыста болған табиғат апаты – су тасқыны кезінде шығысқазақстандықтарға еліміздің түкпір-түкпірінен көмек келді. «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымының көмегінің арқасында облыстың Зырян ауданының жеті бірдей отбасы жаңа баспанаға ие болды.

СУ ТАСҚЫНЫ

Сол бір қауіпті күндерде Өскеменде, Аягөз, Глубокое, Шемонаиха Қа-




тон-Қарағай және Зырян аудандарының мыңдаған баспаналары су астына кетті. Су тасқыны Зырян ауданының Зубовск, Малеевск елді мекендерін басып қалды,

аудан орталығы – Зырянның ескі бөлігінде су ұзақ жатты.

(Басы. Соңы 2-бетте)

ЭКОЛОГИЯ

ШЛАМ ЖИНАҒЫШТАРҒА ЖИНАЛҒАН ҚАЛДЫҚТАР КӨЛЕМІ (мың тонна)



Жауапкершілігі мол жер қойнауын пайдаланушы компания ретінде «Ембімұнайгаз» АҚ жыл сайын шлам жинағыштардағы қалдықтарды тазалау жұмыстарын жүргізеді.

Тазалау жұмыстары едәуір қауіпсіз – биологиялық тазалау әдісі арқылы жүзеге асырылады.

БҮГІНГІ САНДА: СЕГОДНЯ В НОМЕРЕ:

3 Форум
ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУДЫҢ
ЖАҢА КЕЗЕҢІ

4 Цифрландыру
«ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КЕН
АЛАҢЫ»

5 Насихат
ДІН ТУРАЛЫ

6 Еңбек тәртібі
КОМПАНИЯ МҮЛКІНЕ
ҰҚЫПТЫЛЫҚПЕН ҚАРАУ

7 «Мен – ембілікпін!»

8 Ішкі коммуникация

МҰНАЙШЫЛАР АТЫНАН ЖАҢА БАСПАНА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Атқарушы биліктің тәуелсіздігі үйлесімді жолға қойылған жұмысының нәтижесінде адам шығыны болған жоқ. Зырян ауданының әкімі Нұржан Тоқсейітовтің айтуынша, күні бүгінге дейін оның командасы уақытпен санаспай еңбек етуде. Аудан әкімінің орынбасары Жанна Асқарованы елді мекендерді аралау кезінде су астына кетіп бара жатқан машинадан құтқаруға тура келген. Бұл жөнінде республикалық телеарналардың жаңалықтарынан естіген қазақстандықтар нәзік әйелдің қиын сәттердегі әрекетіне риза болды.

ТАБИҒИ АПАТТАН КЕЙІН...

Су тартылды. Алайда, соңында зардаптың белгісі қалды, жөндеуге келмейтін бүлінген баспана, олардың біразы – тұруға жарамсыз тұрғын үйлер.

Су тасқынын дәл осылай тез келеді деп күтпеген жұртшылық қауіп келгенде балаларын ұстай сала, баспаналарын тастай қашты. Құжатсыз, жылы киімсіз далада қалдық, – деп еске алады зыряндықтар сол бір күндерді.

Шығыс Қазақстан облысына еліміздің барлық өңірлерінен көмектер ағылды. Әсіресе, еліміздің батыс аймақтары, соның ішінде Атырау облысы дереу көмектер ұйымдастырды. Шығыс Қазақстан облысы жастар ресурсы орталығының жетекшісі Арайлым КЕРІМБЕКҚЫЗЫНЫҢ айтуынша, Атыраудан киім-кешек, тағамдардан үш рет көмек келген. Әсіресе, жаңа мектеп формасына ие болған балалардың қуанышын айтсаңыз, олар сабақтан қалмауларына мүмкіндік болғанына шексіз қуанды.

ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ КӨМЕГІ

Үлкен қолдауды «Ембімұнайгаз» мұнайшылары көрсетті. Айта кетсек, Табиғат апатынан зардап шеккендерге қолдау көрсету шарасы ембіліктер үшін алғашқы емес. 2015 жылдың мамыры айында болған көктемгі су тасқынынан Атырау қаласының және қала маңының

тұрғындары зардап шеккенде компанияның Жастар кеңесінің мүшелері өз қаражаттарына жағдайы төмен тұрғындардың шарбақтарына жиналған суды айдау үшін арнаулы техникалар жалдап, су басқан үйлерден тұрғындардың заттарын шығарып, мектептерге орналастуға көмектескен еді. Сол сәтте жастардың бастамасын Компанияның сол кездегі басшысы – «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Құрманғазы ЕСҚАЗИЕВ қолдады.

ЗЫРЯН

Шығыс Қазақстан облысындағы су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға қолдау көрсету жөніндегі Атырау облысы әкімдігінің үндеуі компания басшылығы тарапынан бірден қолдауға ие болды. Бес мыңға жуық адам еңбек ететін компания ұжымы нөсер жауыннан қатты зардап шеккен облыс тұрғындарының жағдайына бей-жай қарамады. Әрбір қызметкер еңбек ақылары есебінен жинаған қаражат көлемі 12 миллионға жуық теңгені құрады. «Ембімұнайгаз» АҚ «Жас мамандар» кеңесінің жетекшісі Серік ШЫҒАНОВ, Зырян аудандық әкімшілігі мен облыстың жастар ресурстық орталығының мамандары бірлесе отырып, әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көмекке мұқтаж жеті отбасын анықтады. Мұнайшылар жинаған қаражат «Зырян –біздің қаламыз» қайырымдылық қорына аударылып, оған Малеевск, Зубовск поселкелері мен Зырян қаласының маңы көшелеріндегі баспаналары су астында қалып, жарамсыз болған тұрғындарға төрт пәтер мен үш үй алынды. Шығыс Қазақстан облысы Зырян аудандарының тұрғындарына жаңа баспананы табыс ету салтанатты шарасына «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы: Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ, Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары Бауыржан БАЛЖАНОВ және әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директор Сәлімжан НАҚПАЕВ арнайы қатысты.

– Ембілік мұнайшылар өздерінің еңбексүйгіштігімен, азаматтық жауапкер-

шіліктерімен және мұқтаж жандарға қолұшын созатын дәстүрлерімен ерекшеленген. Мұнайшылардың жинаған қаражатына табиғи апаттан зардап шеккен жеті отбасы жылы да жарық, жайлы баспанаға ие болып отыр, – деп атап өткен Ә.ЖАҚСЫБЕКОВ Компания ұжымы атынан аудан тұрғындарына жаңа баспананың кілтін және теледидар тарту етті.

– Жайлы баспанада тұру мүмкіндігін жасаған «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымына шексіз алғысымызды айтамыз. Су астында қалған ескі баспанамызда етігімізге дейін су кешіп жүрген кезімізде сонау алыстағы Атыраудан осындай көмек келеді деп ойлаған емеспіз. Көп балалы жанұяларға көрсеткен көмектеріңіз үшін Компания ұжымына, басшылығына шын жүректен алғысымды айтамын, – деп Малеевск тұрғындары Ермқан БУКАТОВ пен Сара СУСЕКПАЕВА барша тұрғындардың алғыстарын жеткізді. Судан бір қабырғасы опырылып түскен ескі үйден бес балалы жанұя жаңа кең баспанаға көшіп келді.

Зубовск ауылында су тасқыны болғанда сәби Дарья дүниеге келді. Сәбидің ата-аналары Светлана мен Константин ВАХРУШЕВТАР бар болғаны 18-19 жаста ғана. Табиғи апат кезінде Светлана босанатын үйде болды, олардың шағын баспанасын су әп сәтте шайып кетті. Міне, енді, ембілік мұнайшылардың арқасында жас отбасы аудан орталығында жаңа баспаналы болды.

Малеевск поселкесінің тұрғыны Татьяна КОЛОНТАЕВАҒА Зырянға тез арада келіп, жаңа пәтерді таңдап, өз атына рәсімдеу керек екендігін хабарлағанда, қуаныштан көзіне жас келді. Күйеуі екеуінің шағын ағаш үйлері су астында қалып, пеші үйіндіге айналған еді.

Ембіліктерге деген алғыс сөзді Махаббат ҚАБДАБАЕВА, Марина ШУЛЬГИНА, Қанат ҚАБЕНОВ, Людмила САМОРОДОВАЛАР да айтып жатты. Әр шаңырақтың баспанасыз қалған уайым-қайғылары енді жаңа қуанышты сәтке ұласты.

ФОРУМ

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



Форум Қазақстан мұнайшы-геологтар қоғамы мен «KAZENERGY» қауымдастығының ұйымдастыруымен өтті. Шараға ҚР Энергетика министрлігі, ҚР ИДМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ қолдау көрсеткен. Форумның демеушілері «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ және тағы басқа компаниялар болды.

Форумның мақсаты – геология саласының дамуына белсенді түрде ықпал ету, инновациялық технологиялар мен инвестицияларды тарту.

– Форумға Қазақстандағы геологиялық барлау жұмыстарының жағдайы, жер қойнауының ресурстық әлеуетінің келешегі мен оны саралау, көмірсутектің ресурстық базасын орындау, теңіз кен алаңдарын игерудің ерекшеліктері, инновациялық технологияларды қолдану және тағы басқа мәселелер талқылауға ұсынылған. Бұл мәселелердің барлығы жоғары тереңдіктегі шөгінділерді іздестіруге көшкен бүгінгі таңда өзекті болып келеді, – деп атап өтті **ҚР Энергетика министрі Қанат БОЗЫМ-БАЕВ**.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директоры Құрманғазы ЕСҚАЗИЕВ Маңғышлақ және Каспий бассейндерінде, соның ішінде, Өзен және Қаратон кен орындарында жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының қорытындыларымен бөлісті:

– Біз бұрынғы геологиялық барлау

жұмыстарын саралай келе, Өзен және Қаратон кен алаңдарында бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін үш ұңғыны таңдадық. Белгілі бір ұжымішілік келісімдерден кейін біз Өзен кен алаңында тұңғыш рет 6 шақырым тереңдікте палеозойлық шөгінділерді зерттеуді бастаймыз.

Қ.Есқазиетің мәлімдеуінше, алынған 3Д сейсмикалық қорытындылар негізінде мамандар Қаратон кен алаңының тұзасты кешенінде шөгінділерді анықтау мақсатында жаңа ұңғыларды қосуға үш орынды қарастырды. Ұсынылған әр жобалық ұңғыға бағалау жүргізілді.

– Соңғы жылдары ЕМГ-де өндірістің тиімділігін арттыру, жаңа технологияларды енгізу, цифрландыру, бизнес-үдерістерді жүйелендіру және оңтайландыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп, бизнесті дамыту үшін бірқатар жобалар жүзеге асырылды, – деп атап өтті **«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ** геологиялық барлау саласындағы жаңа

қадамдарға арналған сессиядағы баяндамасында.

Баяндамашының мәлімдеуінше, «Ембімұнайгаз» үшін басты мәселе – қорларды толтыру. Сондықтан, Компанияның негізгі қызмет бағыттарының бірі – геологиялық барлау болып табылады.

– Атқарылған жұмыстар соңғы бірнеше жылда қолданыстағы кен орындарындағы қорларды ұлғайтуға мүмкіндік берді және осы бағытта жұмыс жалғасуда, – деді Ә.Жақсыбеков.

ЕМГ басшысының Форумдағы тағы бір баяндамасы Компанияның кен алаңдарында цифрландыру жобасын іске асыру тақырыбына арналды.

– 2016 жылы «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы «Уаз» кен алаңына пилотты түрде енгізіліп, 2017 жылы ол Прорва кен алаңдары тобына таратылды. Биыл бұл жоба екі кен орнында – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің – Жаңаталап және «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің Шығыс Мақат кен алаңдарында іске асырылуда. Уаз кен орнында «Интеллектуалды кен алаңы» тұжырымдамасын енгізу нәтижесінде 2018 жылдың бірінші тоқсанындағы жөндеуаралық кезең 1500 күнге дейін артып, ал, 2017 жылы энергияны үнемдеу 35% -дан асты, – деп ойын түйіндеді ЕМГ басшысы.

Халықаралық форум аясында 35 жасқа дейінгі жас мамандар-геологтар арасында «Ізбасар» байқауы ұйымдастырылды. Байқауда **«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің С.Нұржанов атындағы кен орнының II категориялы геологы Ербол ЖҰМАҒҰЛОВ** «Геология саласының жас шебері» номинациясының жеңімпазы атанып, **200 000 теңге** сертификатына ие болды.



«ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КЕН АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ МӘЖІЛІСТЕ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

21-мамыр күні ҚР Парламенті Мәжілісінде Палатаның вице-спикері, «Нұр Отан» партиясы фракциясының жетекшісі Гүлмира ИСІМБАЕВАНЫҢ төрағалығымен «үкіметтік сағат» өтті.

ҚР Энергетика министрі Қанат БОЗЫМБАЕВ депутаттар алдында «Қазақстанның мұнай-газ секторының дамуы» тақырыбында баяндама жасады.

Жиынды ашқан Мәжіліс төрағасының орынбасары Г. Исимбаева аталған салаға депутаттар заңды тұрғыда толықтай қолдап отырғанын атап өтті. Бұған мұнай-газ саласы жү-



мысының жаңа әдістерін заңнамалық тұрғыда реттеуді және енгізуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қой-

ЦИФРАНДЫРУ

науын пайдалану туралы» Кодексінің қабылдануы, сондай-ақ, халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын одан әрі жақсартуға бағытталған өндіруші саланың салық саясатына енгізілген өзгерістер дәлел бола алады.

Үкімет сағаты шеңберінде Мәжілістің жалпы отырыс залының фойесінде ұйымдастырылған көрмеде «Ембімұнайгаз» АҚ келешекті дамыту жөніндегі басқарушы директор Әлихан БАЙДҮЙСЕНОВ ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының алдында Компанияның «Интеллектуалды кен алаңы» тұжырымдамасын таныстырды.

parlam.kz

НОВОСТИ ФОНДА

– Чем отличается новая стратегия развития фонда от предыдущей?

– ...Основные направления этой стратегии заключаются в следующем. Первое направление «стратегическая инициатива» – это повышение эффективности и рентабельности компании. Второе направление – упрощение структуры активов компаний. Года 3-4 года назад в нашей структуре было 600 компаний на 9 уровнях. В рамках программы трансформации была поставлена задача сократить уровни управления с 9 до 5, а количество с 600 до 300. В обновленной программе трансформации ставится вопрос сокращения к 2021 году до 4 уровней. Цель к 2028 году – сократить до 180 компаний. Понятно, что такая структура более управляема, мобильна и эффективна.

Третье направление, которое ставит перед нами глава государства – это диверсификация деятельности с целью увеличения дохода... В среднесрочной и долгосрочной перспективе мы будем вкладывать деньги за рубеж, чтобы получать доходы и приносить стране деньги за счет инвестирования.

И четвертое направление – корпоративное управление и устойчивое развитие. Акционер не должен вмешиваться в операционную деятельность. Усиливаем советы директоров профессионалами,

ТЕЗИСЫ ИЗ ВЫСТУПЛЕНИЯ УПРАВЛЯЮЩЕГО ДИРЕКТОРА ПО ТРАНСФОРМАЦИИ, ПРИВАТИЗАЦИИ И РЕСТРУКТУРИЗАЦИИ АО «САМУК-ҚАЗЫНА» НУРЛАНА РАХМЕТОВА НА ВИДЕОКОНФЕРЕНЦИИ КЛУБА КОРПОРАТИВНЫХ СМИ

независимыми директорами. Устойчивое развитие – комплексный вопрос, который касается и развития кадров, меритократии, справедливости кадровых назначений, а также вопросов сохранения экологии и соответствия стандартам GRI.

– Расскажите, пожалуйста, о планах трансформации на ближайшие два года.

– Первое направление – реинжиниринг бизнес-процессов. Мы сюда включили цифровизацию. Цифровизация – не модный тренд, это то, без чего ни компания, ни страна не сможет сделать существенный рывок вперед. Второе направление – упрощение юридической структуры. Сокращение уровней с 9 до 3 и количества компаний с 600 до 180 – это на самом деле серьезная трансформация. Третье направление – вывод наших компаний на IPO. Если компания хочет выходить на IPO, она должна внутренне сильно измениться, и с точки зрения корпоративного управления, корпоративной культуры, эффективности бизнес-процессов, HR,

подготовки финансовой управленческой отчетности. Четвертое направление – трансформация людей, мышления. Пятое направление – внедрение проектного подхода и управление изменениями.

– Какие новые профессии могут появиться в связи с трансформационными процессами, цифровизацией и освобождением от невостребованных профессий?

– Что касается профессий, вы затронули цифровизацию. Она естественно будет порождать потребность в тех людях, которые будут заниматься этой цифровизацией. Я даже не могу сформулировать, как эти профессии будут называться. В нашей программе «Цифровой Казахстан», которая утверждена правительством, там так и называется «создание и обучение новым профессиям». Да, будут новые профессии. Это плюс. Это тот пласт сотрудников, людей, которые будут создавать новые технологии, а значит двигать нашу страну вперед.

ҮЗДІКТЕР

ЕРБОЛ – ГЕОЛОГИЯ САЛАСЫНЫҢ ЖАС ШЕБЕРІ

Астана қаласында «Мұнай-газ саласындағы геологиялық барлау» халықаралық форумы аясында ұйымдастырылған «Ізбасар» байқауында әріптесіміз **«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің С.Нұржанов атындағы кен орнының II категориялы геологы Ербол ЖҰМАҒҰЛОВ** «Геология саласының жас шебері» номинациясының жеңімпазы атанды.

Ербол Закарияұлы еңбек жолын 2009 жылы «Ембімұнайгаз» ӨФ «Прорвамұнайгаз» МГӨБ-де мұнай және газ өндіру операторы болып бастады. Ал, 2011 жылдың қараша айынан бері геология саласы бойынша тұрақты еңбек етіп келеді.

Ұжым арасында белсенділігімен, жауапкершілігімен, жұмысқа деген зор ынтасымен көзге түсіп жүрген жас маман бұған дейін Геолог күні кәсіби мерекесіне орай «KAZENERGY» қауымдастығының Алғыс хатымен де марапатталған болатын.



МАРАПАТ МЕРЕЙДІ ӨСІРЕДІ

Атырау облыстық әкімдігінде Химиялық өнеркәсіп қызметкерлерінің күніне орай өткен салтанатты жиында Компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің (бұдан әрі – ӨҚБ) 2 қызметкері саланың дамуына қосқан үлестері үшін мемлекеттік органдардың Алғыс хаттарымен марапатталды.

ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Алғыс хатымен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ С.Балғымбаев кен алаңының мұнайды дайындау және айдау цехының 4 разрядты химиялық талдау зертханашысы Айғаным МАРДАШЕВА марапатталды. Ал, Атырау облысы әкімінің Алғыс хаты «Доссор-мұнайгаз» МГӨБ мұнайды дайындау және айдау цехының инженер-химигі Сая АТЫРАУОВАҒА табыс етілді.

Қазіргі таңда ЕМГ ӨҚБ-да 12 инженер-химик және 79 химиялық талдау зертханашысы қызмет етуде.

ДІНИ АҚПАРАТТЫҚ ТОП МҮШЕЛЕРІ ЕМБІЛІКТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Дін істері республикалық ақпараттық-насихаттық топтың мүшелері өткен

аптада «Ембімұнайгаз» АҚ болып, орталық аппараттың ұжымымен кездесті. Кез-



НАСИХАТ

десу барысында елдегі бүгінгі діни ахуалдың жайы, теріс діни ағымдардан сақтану жолдарына кеңінен тоқталды.

Қонақтар барлық аймақтардағы діни ахуалдың бүгінгі жәйіне талдау жасады. Жұртшылық арасында діни экстремизм мен терроризмнің, діни алауыздықтың туындау жолдары айтылды. Елдегі деструктивті діни ұйымдардың іс-әрекеттері мен оның салдары талданып, қауіптің алдын алу шаралары кеңінен баяндалды. Зайырлы қоғамның дәстүрлі діни нормаларына сай келетін сананы қалыптастыру – бүгінгі таңдағы өзекті жәйт. Теолог мамандар «дәстүрлі ислам ғана халықты теріс жолдардан сақтап қала алады» деген ойды түйіндеді.

Кездесу соңы сұрақ-жауаптарға, пікір алмасуларға ұласты.

КОМПАНИЯ МҮЛКІНЕ ҰҚЫПТЫЛЫҚПЕН ҚАРАУ

Компания қызметін тұрақтандыру мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) Қауіпсіздік қызметі қызметкерлердің қауіпсіздігі мен компанияның меншігін қорғауда өткізу режимі бойынша жұмыстарды жүзеге асыруда. Негізгі аспектілерінің бірі – қызметкерлерді мүлікке және жұмыс берушілердің активіне ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Түсіндіру жұмыстарының жүргізілуіне қарамастан, қауіпсіздік қызметі 2017 жылда және 2018 жылдың I тоқсанында ЕМГ және мердігер мекеме қызметкерлері тарапынан Компания мүлкін ұрлау фактілерін анықтады.

2017 жылдың 27 ақпанында Комсомол кен алаңынан Алтыкөл кен алаңы бағытына қарай 7 шақырым қашықтықта қауіпсіздік қызметінің аға инспекторы Е.К. мен «Мұсахан секьюрити» ЖШС күзет басшысы Д. А. «Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасына қарасты Уаз автокөлігін тоқтатқан. Кабинаны тексеру кезінде 2 қорап сүт, әр қайсысына 12 –ден сүт салынған және азық-түлік бар тағы 2 қорап табылды. Көліктің жүргізушісі К.К. тағамдарды «KMG EP-Catering» ЖШС қызметкері, Алтыкөл кен алаңының бас-аспазшысы

Б.К. Доссор поселкесіне жеткізіп тастау үшін бергенін түсіндірді. Оқиға орнында тағамдарға акт жасалып, көлік Доссор поселкесіндегі автотұраққа жеткізілді. Бас –аспазшы Б.К.-ге қатысты шара қолданып (қатаң сөгіс), лауазымы төмендетілді (аспазшы) және мердігер мекеменің басқа асханасына ауыстырылды.

Араға үш ай уақыт салып, өткен жылдың 19-маусымында «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасының –С.Балғымбаев кенішіндегі бақылаудағы нысан – МТС қоймасында Компания қауіпсіздік қызметінің және «Мұсахан секьюрити» ЖШС-нің қызметкерлері тиісті құжаты жоқ металлолом тиелген ГАЗ-53 автокөлігін тоқтатты. Барлық материалдар Исатай ауданының ішкі істер бөліміне тапсырылды. 20.05.2017 жылы О.К.-ға қатысты ҚР 188 баптың 1-тармағы бой-

ынша қылмыстық іс қозғалды (ұрлық).

2018 жылдың 7-наурызында «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының қауіпсіздік қызметінің аға маманы У.Е. мен «Мұсахан секьюрити ЛТД» ЖШС Атырау облыстық филиалының күзет басшысы Б.А. бірлесе отырып, Кенбай кен алаңының арнаулы техника мен автотранспорт колоннасының көлік жүргізушісі К.С. 300 литр көлемінде жана-жағар майы бар автокөлікпен ұстады. Ұрланған жанар-жағар май қайтарылды, қайтару жөнінде акт жасалынды. Көлік жүргізушісі өз еркімен жұмыстан босатылды.

Қауіпсіздік саласындағы заң бұзушылықтар, тауарлы-материалдық құндылықтардың ұрлануы немесе ұрланғандығы жөнінде, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, жемқорлық және қызметтік жағдайын асыра пайдаланған мамандар немесе компанияның мердігер мекемелерінің мамандары туралы мәліметтерді білсеңіздер WhatsApp немесе +7 701 775 66 56 телефон нөміріне SMS арқылы хабарлай алатында-рыңызды еске саламыз.

Құпиялылық сақталады.

**Руслан КЕНЖЕҒАЛИЕВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ қауіпсіздік
қызметінің жетекшісі**

ТАҒЫЛЫМ

Республикалық деңгейде өтіп жатқан «Үстірт ескерткіштеріне – ел тағзымы» атты акцияға «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы белсенділікпен үлес қосты. Компанияға қарасты мұнай-газ өндіру басқармалары өз күштерімен сенбіліктер ұйымдастырып, мемлекеттің қорғауына алынған тарихи, мәдени ескерткіштер мен діни объектілерге тазалау жұмыстарын жүргізді.

Мақат ауданының аумағында орналасқан «Доссормұнайгаз» МГӨБ «Жас мамандар» кеңесінің бір топ мүшесі Байбақты атаның түнегіне, Байбақты атаның бағына сенбілік жасап, әктеу, сырлау, тазалау, көшет күтімі жұмыстарын жүзеге асырса, Жылыой

ТАРИХИ-МӘДЕНИ ОРЫНДАРҒА СЕНБІЛІК

ауданындағы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ мамандары қазақ мұнайының алғаш бастау алған Қарашұңгіл жерінде болды. 1899 жылдың қараша айында мұнай табылған Қарашұңгіл жерінен қазақ мұнай-газ саласының тарихы басталады. Қарашұңгілді өз қамқорлықтарына алған ембілік мұнайшылар киелі жерге сенбіліктерді тұрақты ұйымдастырып отырады.

Қызылқоға ауданындағы «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұжымы осы өңірдегі тарихи орынның бірі – Кенбай атаның басында болып, әктеу, сырласу жұмыстарын жүзеге асырды.

Исатай ауданының аумағындағы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ жас маман-

дары XIX ғасырда салынған шекаралық белгі – Таскран тарихи орнына тазалау жұмыстарын жүргізді.

Сенбілік кезінде ағартушылық жұмыстар да қоса жүргізілді. Жастарға мәдени орындардың, ескерткіштердің тарихынан әңгімелер, естеліктер айтылды.



«МЕН – ЕМБІЛІКПІН!»



ӘРІПТЕСІМ ҚОНЫСПАЕВ ТЫНЫШБЕК ТУРАЛЫ

Мінезі бар апшымайтын, тасымайтын,
Көп сөйлеп, сөзге босқа шашылмайтын.
Басына қандай іс түссе де,
Мұнайып мойымайтын, жасымайтын.

Ол сондай жан досқа да, сертке берік,
Көрген емес біреудің сөзіне еріп.
Өкпелетсе өзгелер, кешірімді,
Кек сақтап жүрмейді жинап-теріп.

Білмейді ол өзгелердей бөсуді,
мақтануды,
Жүрсе де жасап шаруаларды ол
тынымды.
Ақ жарқын мінезімен баурап алар,
Періштелерден үйренгендей ол күлуді.

Ұнайды, бізге оның байсалдығы,
Жабырқамай жүретін жайсаңдығы.
Мойнына алған істі ол бітірмей,
Тыншымайтын көңілі, қайсарлығы.

Жауапты іске де, сөзге мығым,
Шауып жүрер жұмыс деп, таппай тыным.
Еңбегі де ескеріліп еленіп жүр,
Арнаған соң Ембіге ұйқысыз талай
жылын.

Жек көреді жаны оның өтірікті,
Артық сөйлеу, мардамсу, күпірлікті.
Естімеппін байлық пен билік үшін,
Дегенін ол өз мінезінен айныпты,
өзгеріпті.

Рауан САБИРОВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ-ның жаңа
техника және технология
департаментінің директоры.

ҰЖЫМЫМ – МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ!

Халқымызда: «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» деген тәмсіл бар, шынында арман адамды алға жетелейді. Іздесең табады, талаптанған арман мақсатына жетеді. Менде мектепте оқып жүрген оқушы кезімнен мұнайшы болуды армандайтынмын. Орта мектепті бітіргеннен кейін осы аяулы арман жетегімен Атырау мұнай-газ институтына грандқа 1999 жылы түсіп, 2004 жылы инженер-механик мамандығын алып шықтым. Ал, 2009 жылдан бастап, «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында әуелі машинист, кейін жөндеуші, қазір механик болып еңбек етіп келемін. Біздің міндетіміз – жерасты қабат қысымын ұстау арқылы мұнай өндіру. Бұл жер асты мұнаймен бірге шыққан суды кері айдау арқылы, мұнай өндіріп жүзеге асырамыз. Әрине, жас маманға қай салада да жұмыстың қыр-сырын терең игеріп, бірден алып кету қашан да оңай емес. Бұл тұрғыда маған әр кезде өндіріс орнының басшылары, тәжірбиелі мамандар, әсіресе, өз салам бойынша ұстаздарым, тәжірбиелі оператор Мадрид Ахметов, Қанат жөндеуші Батыров, Бақытжан Мұқанов ағаларым жұмыстың қыр-сырын үйретуден, ақыл-кеңес беруден жалыққан емес. Соның нәтижесінде машинист, жөндеуші, механик болып жасап, соның негізінде өзімнің бойымдағы жинақталған білім мен тәжірбиемді жастарға үйрететіндей дәрежеге жеттім деп толық айта аламын.

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы 1995 жылы ашылып, жыл өткен сайын жаңа технологиямен жабдықталып, өнім өндіру көлемін үнемі арттырып келеді. Кәсіпорын Қызылқоға ауданында орналасқандықтан, негізінен, шаруашылығымен айналысатын өңірдің, экономикалық тұрғыдан дамуына зор серпін беріп келеді. Сондай-ақ, аудан халқын әлуметтік тұрғыда қолдап, тұрғындардың ризашылығына бөленуде. Біздің ұжымда 800-ден аса мұнайшы маман еңбек етеді. Олардың жұмыс жасауына барлық жағдай жасалған. Өндірістегі сорап қондырғыларын жөндейтін кішігірім зауыт деуге тұрарлық цех бар, құрал жабдықтар жеткілікті. Спорт залы, жуынатын бөлме, жаңа жатақхана, асхана – мұның



бәрі қызметкерлер үшін алаңсыз еңбек етуге жасалған алаң. Арамыздағы үздік мұнайшылар Бағытжан Мұқанов, Жанболат Тәттібаев, Рүстем Әділов, Ерболат Жұмағалиев, Самет Сапаров және тағы басқаларды мақтан етеміз.

Мен өзім бойына жинақтаған тәжірбиемді сарапқа салу, сынау үшін 2011 жылдан бастап мұнайшы мамандар арасында өтетін жарыстарға қатынасып, үнемі жүлделі орындарды иеленіп келемін. Атап айтқанда, «Өзен-мұнайгаз», «Казгермұнай», «Жылой-мұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Дос-сормұнайгаз» өндірістік мекемелерінің жөндеушілері арасында 2013 жылы өткен жарыста III турда III орын алып, «Үздік маман» атанып, Түркия еліне жолдаманы жеңіп алдым. Бұл мені тәрбиелеген ұжымымның жетістігі деп білемін. Ұжымымыз өте ұйымшыл, бауырмал. Мерекелерде басшыларымыз үнемі құттықтап, мұнайшылардың туған күндері, мерейтойлары аталып өтіп тұрады. Мұндай қолдау бізді әркез жұмысқа ынталандырады.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа арнаған Жолдауларында еңбек адамдарына толық жағдай жасау, оларды ынталандыру, өндіріске жаңа заманауи технологияларды көптен енгізу жөнінде нақты тапсырмалар беріп келеді. Осы талапқа сай еңбек етіп келе жатқан ұжымымды мен әрқашан мақтан етемін.

Асылан ЖОЛАЕВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ
Кенбай МГӨЦ
қабат қысымын ұстау
бөлімшесінің механигі.


ІШКІ КОММУНИКАЦИЯ



- Отбасыңыздан зайыбыңыз, балаларыңыз телефон соққанда немесе хат жолдағанда бірден жауап бересіз. «Неге іздеді?» деп білуге асығасыз және жауап беруді кейінге қалдырмайсыз. Әріптестің де хат-хабарламасына кешіктірмей жауап берсеңіз, екіжақты қарым-қатынас нығая түседі.
- Хатқа жауап беруге қолыңыз тимей жатса, «Хатыңызды алдым. Сіз-



ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА ҚАЖЕТ ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕСТЕР



ге мынадай уақыт ішінде сұраған ақпаратыңызды жолдайын» деп жауап жазып жіберсеңіз болады. Хат жіберуші тараптың реніші туындамайды.

- «Рахмет» деген бір сөздің өзі жауап алушы тарапқа жылы әсер ететінін ұмытпаңыз. Бұл бір жағынан хаттың алушыға жеткенін де нақтылайды.
- Хатқа жауап бермесеңіз, телефон тұтқасын көтермесеңіз және мұны бірнеше рет қайталасаңыз ол адамның Сізге көңілі суып қалуы мүмкін. Коммуникация әлсірейді. Өзіңіз біреуге телефон соққанда жауап

бермесе, қандай көңіл-күйде боласыз? Осыны ескеріңіз.

- Телефонмен сөйлескенде адамның есімін әңгіме басында және қоштасқанда айтсаңыз, әріптесіңізге жылы әсер қалдырады.



- Жақындарыңызды мерекемен, туған күнімен ұмытпай құттықтайсыз, жұмыстасыңызға да сондай ілтипат білдіріңіз. Мұндай сәтте ренжіп жүрген адам болса, өкпесін ұмытады. «Жақсы сөз жан семертеді».

Жұмагүл ТЕМІРФАЛИ

МЕНШІК ИЕСІ
«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ

Шығарушы:
қоғаммен байланыс қызметі

<https://www.facebook.com/100016808373445>

https://www.instagram.com/ao_embamunaigas

<https://t.me/embamunaigas>

www.emba.kz

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы; **Айболат ГАБДУЛЛИН** – Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары; **Қайрат ӘДІЛБЕКОВ** – Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары; **Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА** – Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары; **Бауыржан БАЛЖАНОВ** – Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары; **Сәлімжан НАҚПАЕВ** – әлеуметтік саясат жөніндегі Басқарушы директор; **Ильяс САРЫБЕКОВ** – еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры; **Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА** – қоғаммен байланыс қызметінің менеджері; **Ғалия ҚАРАЖАНОВА** – қоғаммен байланыс қызметінің жетекші маманы; **Айгүл ЕРТЛЕУОВА** – қоғаммен байланыс қызметінің маманы; **Қарасай ТУЛЕГЕНОВ** – қоғаммен байланыс қызметінің маманы

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ
ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА
ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі, 105 кабинет

СҮЛЕЙМЕНОВА Лаура
8 (7122) 99-34-77
L.Suleimenova@emg.kmgcp.kz

ҚАРАЖАНОВА Ғалия
8 (7122) 99-34-21,
G.Karajanova@emg.kmgcp.kz

ЕРТЛЕУОВА Айгүл
8 (7122) 99-32-09,
A.Ertleuova@emg.kmgcp.kz

ТУЛЕГЕНОВ Қарасай
8 (7122) 99-34-80
K.Tulegenov@emg.kmgcp.kz